



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 20 желтоқсан

2017 жылғы 8 желтоқсаннан 15 желтоқсан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

15 желтоқсандағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,3%-ға (334,32-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 335,33 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 8 желтоқсаннан 15 желтоқсан аралығындағы маңызды оқиғалар Дж. Йеллен мен Марио Драгидің орталық банктердің монетарлық саясаты бойынша ұстамды түсініктемелері, ФРЖ-нің негізгі мөлшерлемесін 0,25%-ға көтеру туралы және Еуропалық Орталық Банк пен Англия Банкінің ресми пайыздық мөлшерлемені бұрынғы деңгейде сақтау туралы шешімдер болды. Бұған қосымша факторлар салық заңнамасына өзгерістер енгізуге қатысты АҚШ-тағы пікір айтысулар және күтулерден төмен қалыптасқан АҚШ-тағы инфляция бойынша деректерді жария ету болды. Осы факторлар АҚШ долларының әлемдік нарықтарда біраз құбылмалығына әкеліп соқты.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Мексика песосы** инфляцияның өсуі бойынша мазасыздану аясында 1,0%-ға (18,93-тен 19,12-ге) әлсіреді. Мексика Орталық Банкінің базалық мөлшерлемені 0,25%-ға көтеруі валютаның әлсіреуін тоқтата алмады;

- **Түрік лирасы** Түркия Орталық Банкінің базалық мөлшерлемені 0,50%-ға көтеруі аясында 0,5%-ға (3,84-тен 3,86-ға) әлсіреді, бұл нарықтағы күтулерден төмен болды;

- **Бразилия реалы** 0,3%-ға (3,29-дан 3,30-ға) әлсіреді;

- **Индонезия рупиясы** 0,1%-ға (13 550-ден 13 570-ке) әлсіреді;

- **Ресей рублі** 0,6%-ға (59, 13-тен 58,76-ға) нығайды;


- **Үндістан рупиясы** 0,6%-ға (64,46 –дан 64,05-ке) нығайды;

- **Оңтүстік Африка рэнді** 4,2%-ға (13,67-ден 13,10-ға) нығайды.

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %
(2017 жылғы 8-15 желтоқсан)



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz